

Функциялары; 14. Қабілеті; 15. Сипаты; 16. Табиғи қасиет; 17. Артефакт; 18. (Өзара)қатынастар; 19. Жануар; 20. Себен; 21. Социум.

Кілт сөздер: макроконцепт, концептуалды белгілер, макроконцепт құрылымы, әлемнің тілдік бейнесі, ағылшын лингвомәдениеті.

Материал 17.06.2022 баспаға түсті

To the question of the conceptual features of the *mother* macroconcept in English linguoculture

G. O. Ibraimova

Arabaev Kyrgyz State University, Bishkek, 720026, Kyrgyz Republic

The article aims to describe the structural features of the macroconcept “mother” in English linguaculture. To reach the aim, the author analyzed English dictionaries to identify the conceptual features of the macroconcept “mother” and identified motivating and transformed features among them. The relevance of the undertaken research lies in the understanding of the primary features of the macroconcept “mother”, which have developed to the level of concepts in English linguistic culture. The novelty of the research lies in the first experience of analyzing the conceptual features of the macroconcept “mother”. The article uses methods of linguistic analysis: component, descriptive, interpretive, conceptual analyses. As a result of the analysis of nine English dictionaries, 80 conceptual features of the macroconcept were found. They can be represented as twenty-one blocks: 1. (Divine) motherhood; 2. Person; 3. Mental features; 4. Age and size; 5. Evaluation; 6. Status; 7. Natural objects; 8. Earth and its signs; 9. Subject; 10. Christianity and religious hierarchy; 11. Matter/substance; 12. Condition; 13. Functions; 14. Ability; 15. Character; 16. Natural trait; 17. Artifact; 18. (Mutual) relationship; 19. Animal; 20. Reason; 21. Society.

Key words: macroconcept, conceptual signs, macroconcept structure, language picture of world, English linguaculture.

Received: 17.06.2022

FTAMP 16.21.47

А.А.Мустафаева¹, М.С. Кулахметова²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 050000, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

²Павлодар педагогикалық университеті, КЕАҚ, Павлодар қ., 140002, Қазақстан Республикасы

ШӘКӘРІМ МЕН ИКБАЛ МҰРАСЫНДАҒЫ ДІНИ ДИСКУРС ТІЛ АСПЕКТІЛЕРІ

Бұл мақалада қазақ ақыны, жазушысы, философ Шәкәрім Құдайбердиев пен Пәкістан ақыны, саясаткер, қоғам қайраткері Мұхаммед Икбалдың өз заманының белгілі тұлғаларының әдеби-философиялық мұрасындағы діни дискурстың лингвистикалық аспектісін мұқият зерттеу және талдау нәтижесі келтірілген. Зерттеулер екі өкілдің де ұлттық тілдік парадигманың дамуына, сондай-ақ діни дискурсты терең түсіну және тілдік дамыту арқылы әлемдік деңгейдегі интеграциялық процестерге қосылуына өшпес үлесін көрсетті. Сол кезеңдегі екі қоғамның уақыты мен жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып, діни парадигмаға қатысты әлемнің ұлттық бейнесінің белгілі бір бірлігін атап өткен жөн, бұл өз кезегінде екі қоғамның әлеуметтік жағдайының барлық салаларына ғана

емес, сонымен қатар тілдік шындықтың қалыптасуына оң әсер етті. Бұл тұрғыда Шығыс философиясының екі көрнекті өкілінің шығармашылық мұрасы пайда болған ұлттық философияның және өкілдері Шәкәрім Құдайбердиев пен Мұхаммед Икбал болған халықтар әлемінің тұжырымдамалық бейнесінің қалыптасуына ғана емес, сонымен бірге ұлттық тіл мен оның діни дискурсының ерекшеліктерін қалыптастыруға қызмет етті. Бұл тұлғалардың қызметі мен еңбектері жаңа мемлекеттіліктің қалыптасуы мен құруына қызмет етіп, ұлттық тілді, ғылыми-саяси және діни лексикалық қорды байытуға, этнолингвистиканың дамуына үлес қосқаны бекер емес.

Кілт сөздер: діни дискурс, лингвистикалық аспект, тіл философиясы, жеке стиль, дискурс, тілдік мұра, мәңгілік құндылықтар.

Бұл зерттеу ҚР БЖҒМ-ның ҒК қаржыландыруымен АР09260492 жоба аясында дайындалды.

КІРІСПЕ

Теология мен философияның немесе дін мен философияның арасындағы диалог үнді мен пакистандықтардың ойшылы Мұхаммед Икбал мен қазақтың ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлының мұраларында көрініс тапқан. Екеуі де жылдар жылжып, ғасырлар сырғып өтіп жатса да, ерекше жарқырап, күн сәулесіндей өзінің нұрын шашып тұратын, тек өз ұлтына ғана емес, бірнеше ұлтқа ортақ тұлғалар болады. Мұхаммад Икбал үнді-пәкістан халқы үшін қандай ұлы ойшылы, философ болса, Шәкәрім Құдайбердіұлы да қазақ халқы үшін сондай ақын, философ, ұлы ойшыл. Екі ақынның шығармашылық мұрасының байлығын олардың ақын мен философ ретіндегі әдебиеттің барлық дерлік жанрынан байқауға болады. Екеуінің де өлеңдері мен поэмаларын, философиялық, тарихи туындылары мен бірнеше тілге аударылған еңбектерін екі халық ғасырлар бойы куә болған тарихи оқиғаларды қамтитын екі философтың терең ойлы туындысының жиынтығы десек те болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шәкәрімнің тілі, әсіресе шығармашылығындағы діни лексикалық қабат арқылы сол кездегі халқымыздың бұған дейін қалыптасқан діни наным-сенімдерін, таным-түсінігін және ой-санасын түсіне аламыз. Басқа да халықтар сияқты халқымыздың діні мен дүниетанымы эволюциялық даму жолы арқылы қалыптасу, даму, шарықтау және тоқырау сияқты әр түрлі сатылардан өтті. Алайда Кеңес билігінің орнауымен сол биліктің бір бөлігі ретінде дамуын жалғастырған қазақ даласында да дінге қарсы қабылданған заңның нәтижесінде пайда болған атеизм тек жалпы қоғамның таным-түсінігі мен ой-санасына ғана емес, сонымен қатар әрбір тұлғаның ішкі дүниесінің мәжбүрлі немесе ерікті түрде өзгеруіне әсер етті. Жаңа идеология тек қазақ қоғамында бұрыннан келе жатқан ислам дініне емес, сондай-ақ Кеңес империясының қол астына кірген басқа да халықтардың діндеріне (христиан, будда, шаманизм) де тыйым салды. Тіпті қолданыста жүрген діни терминдер сөздіктерде «діни» немесе «көне» деп көрсетіліп, қолданыстан шығарыла бастады. Осындай саясаттың құрбанына айналған ата-бабалардан келе жатқан діни дәстүрдің толығымен жойылу қаупіне карамастан, дінге тыйым салынған заманда «*Дін тазасын діннен ізде, Дін шатағын сыңа ал... Шала дінді пәнде таппас, Дін тазасын ой табар*» деп жырлаған Шәкәрім сияқты қазақтың біртуар тұлғаларының өз туындыларында діни тақырыпты қозғап, діни лексикалық бірліктерді қолданғанын байқауға болады. А.Қ.Қонарбаева [1] өзінің «Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығындағы рухани-діни және қоғамдық-философиялық лексиканың қолданысы» атты монографиясында Шәкәрім мұрасында орын алған *бақсы, сарнау, сарын, жын, тұл, тұлдау, құлшылық, құлдану, тас суретке шоқыну, отқа табыну, лама, тәңір, құдай, Алла, жаратқан ие, будда* және т.б. осы сияқты бірқатар діни лексикалық

бірлікті [1, 100] көрсетіп, қазақ философында бұл лексиканың тек терминдік мәнде ғана қолданылмайтындығын, сондай-ақ олардың семантикалық мағынасының да барынша терең екендігін айтады. Мысалы, *жалған, пайғамбар, сахаба, күнә, тоба, оңда, жаратқан, құл* сияқты діни терминдер қолданылған:

*Тиянақ көрме жалғанды,
Қуа берме арманды.
Пайғамбар мен сахаба,
Сен түгіл содан қалғанды.
Құтырмай енді тек отыр,
Күнәңа уайым жеп отыр.
Алдыңда кірер жерің тап,
О, тоба оңда – деп отыр,
Есің барда елің тап,
Барғанда кірер жерің тап.
Жаратқанның құлысың,*

Жағатұғын ебін тап [2, 83-84], – деген өлең жолдарында ақын екі дүниенің барлығын, ешкімнің де өлімнен құтыла алмағанын, адамның Жаратушының құлы екенін айтқысы келеді.

М. Икбал да «Жаратқанға» деген өлеңінде Аллаға жалбарынып:

*Жасқа берші жанарымның жалынын,
Күнге ұмтылып, құштарлығын бассын бір.
Балапанға қыранның бер қанатын,
Талмай ұшып, шың басына қонатын,* – деп дұға жасап, тілек тілейді.

Шәкәрім шығармашылығындағы «Бір Аллаға сыйынған арам өлмес»; «Құдайға құл болудың мәнісін біл»; «Құдай өзі береді, тағдырға қарсы соқтықпа»; «Келер істі жалғыз-ақ Алла білер» деген діни сарындағы, әсіресе Жаратушы мен оның күдіретін насихаттайтын тұстар да кездеседі. «Шыннан өзге құдай жоқ, Анық құдай – Шын құдай. Ұқпай қалма алаң боп, Шын болмаса, кім құдай?» [3, 164], деген Шәкәрім өзінің «Дін» өлеңінде» [3, 170]:

*Біреу отқа жағынды,
Нұрдың түбі құдай деп.
Не суретке табынды,
Олай емес, былай деп.
Бірі: «құдай бір десе»,
Бірі айтады: «көп құдай».
Бірі: «тәңірі – Күн десе»,
Бірі дейді: «жоқ құдай»... – деп, әр түрлі «құдайшылыққа» тоқаталады.*

Кеңестік идеологияның салдарынан «дін – апиын» және «соқыр сенімге бас иідіруші идеологиялық қондырманың бір түрі» деген «діннің» анықтамалары қалыптасып, тілде бұрыннан орныққан, әсіресе араб және парсы тілдерінен енген діни сөздердің бірқатары лексикалық қордан шығарылған. Шәкәрім өмір сүрген, әсіресе шығармаларын жазған жылдар – өте қиын, тіпті қайшыласқан дағдарысты жылдар десек те болады. XX ғасырдың басында бір жағынан ұстазы, тәлімгер-тәрбиешісі, үлгі тұтары хәкім Абай дүниеден озса, екінші жағынан бірте-бірте қазақ даласына билігін жайып, жат тіл мен ділді әкелген жаңа саяси жүйе дінсіздікті насихаттай бастады. Бірақ бұл жүйе ғасырлар бойы қалыптасып, тұрғылықты елдің мәдениетінің ажырамас бір бөлігіне айналған діни наным-сенім мен әдет-ғұрыптарды толығымен жойып жібере алмайтын еді. Шәкәрім де бұл дүниеге өтпелі болмыс ретінде қарап, ақиқатты іздейді, оған, яғни Жаратушыға ұмтыла бастады. Мұны келесі өлең жолдарынан байқауға болады:

*Білімдіге білімсіз бағынбай ма?
Іздесе, пендеге жол табылмай ма?
Ақты қойып, арамды әдет етсек,
Денеміз дозаққа өзі жағылмай ма?*

*Ажал оғы бір күні атылмай ма?
Тура келсе, тіл тартпай қатырмай ма?
«Әлхилла ассалата жаназа» деп,
Ақ кебінге оралып жатылмай ма?
Қай пенде жолықпайды осындайға?
Соны ойлап жүрегіміз шошынбай ма?
Дүниеде не қылдың, не қойдың? деп, ...
Сонда мақұл боламыз бір Құдайға.*

Бұл өлең жолдарындағы «пенде» – адам, яғни оған нәпсі құмарлығынан жолдан таюдың табиғи үрдісі екенін ақын ескере отырып, арамдыққа ұмтылғанда да ажалдың бір сәтте келіп, өмірмен қоштасып, өлімге тап болып, есеп күніне жетіп, Құдайға баратынын ұмытпауды айтқысы келеді. М. Икбал да «Адам» атты өлеңінде:

*Табиғат та әділетсіз боп жаралған,
Құпиясын жасырады адамнан.
Соны ашуға бәрі түгел ынтызар,
Сананың да білуге оны хұқы бар.
Бірақ дүние құпиясын жасырар,
Сонда адам құштарлығын асырар.
Білімнің басы – таңдану,
Ал соңы – жаныңда қайта шам жану.*

*Еркіңді жібер талап атты негізге,
Өзендер де ұмтылады теңізге* [4, 20], – деп жырлай отырып, білімнің жасырылуы арқылы адамда ынтызар пайда болып, алдымен таңданып, одан кейін ізденуге талпыныс жасайтынын айтады. Ш. Құдайбердіұлы да «Талаптан да білім мен өнер үйрен, Білімсіз, Өнерсіз, Болады ақыл тұл» [3, 177] деп, «Адамдық борышың» өлеңінде білім мен өнердің маңыздылығын көрсетіп, ақылдың оларсыз тұлға айналғанын айтады. Бұл өмірдің сырларының, әсіресе білім мен ғылым көздерінің шектеусіздігін М. Икбал «Мәңгілік өмір» туындысында сөз етеді:

*Шарап ішіп шаттанып, бітті деме бәрі де,
Жүзімде көп сыр бар зой біз ашпаған әлі де.
Желмен бірге жайқалған жасыл шалғын ішінде,
Жел ашпаған жас гүл бар, ойла осыны түсін де.
Өмірде мол құпия сыр, жүрегіңмен біл мұны,
Мәңгі ерінбес ер еңбек табар мұны бір күні.
Жер қозғалса қозғалмас, мызғымас құз болғайсың,*

Жалын атқан жел болып, өмірді терең толғайсың [4, 19], – деп жырлаған ақын бұл өмірдің сырының саны шексіз екенін, оған тек толассыз еңбек арқылы қол жеткізуге болатынын айтып, өмірдегі «мәңгілік» ұғымы арқылы бұл дүниенің емес, ондағы (бұл дүниедегі) білім мен ғылымды айтқысы келеді. Сол сияқты ақын «*Өміріңді сарп қыл өлгеніңше, Жоба тап, Жол көрсет, Келешек қамы үшін. Қайтадан қайрылып Қауымға келмейсің, Барыңды, Нәріңді, Тірлікте бергейсің. Фибрат алар артыңа із қалдырсаң, Шын бақыт – Осыны ұқ, Мәңгілік өлмейсің!*» [3, 177] деп, тағы да мәңгілік ұғымына философиялық сарынмен тоқталады. Шәкәрімнің басты күрделі мәселелерінің бірі – адам, сондықтан оның (адамның) талай-талай сырларын, оның ішінде болмысын шығармашылығы арқылы ашуға тырысқан. Мұны ақынның «*Ақ жүрек пен таза ақыл, Қылсаң адал еңбек, бәрінен де сол мақұл... Аяғында хақиқатты, Бұл үшеуі жеңбек*» деген өлең жолдарынан көруге болады. Н. Қабден айтпақшы «... ізгілік жолындағы таза ниетті, жаратушысын сүйетін, мейірім мен тәубәшіл, қанағат иесі ретіндегі бейнесін ақын *шын таза жан* деген кейіпкері дәрежесінде береді. Ал енді зұлымдық пен айланы, нәпсі мен байлыққа құмартқан, өтірікші, күншіл адам кейіпін жөндеудің көздерін көрсетіп, поэтикалық тілмен көркемдейді. Мәселен, «*Мақтанға салынба, Мансаптың тағзы үшін. Нәпсіңе билетпе, Басыңның бағзы үшін*» [3, 177] деген жолдары арқылы Шәкәрім мақтаныш, мансап пен нәпсіні сынға алады.

Ақын поэтикасындағы бейнелеуші сөз бен ұғымдар алдыңғы өлеңде адамның екі түрлі сапалы қасиеттерін айқындайды. Дұрыс бағытқа жетелейтін *ақ жүрек, таза ақыл, адал еңбек*; ал бұл қолданыстар арқылы шын таза кейіпкерінің бейнесі ашылады. Арсыз, арам ойлы керісінше нашар, кері істерге жетелейтін ұғымдағы сөздердің өзін поэтикалы өлең жолдарымен береді» [5]. Жүректің тазалығын ақын келесі өлең жолдарында былай келтіреді:

*Өмірдің өкінбейтін бір айласы,
Ол айла – қиянатсыз ой тазасы.
Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,*

Таза жүрек, тату дос – сол шарасы, – деп атап өтіп, оқырманының назарын тағы да мейірім мен ынсапқа, әділет пен адал еңбекке аудартады. Сол секілді «Адамшылық» өлеңінде ақын «... *Мейірім – жақсы, зұлымдық жаман дейсің, Қасқырлыққа қайтесін құр дөңгелеп. Жаны ашып жәрдем қылма өткен адам. Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтерек*», – деп сөзбен ғана емес, іспен де мейірімді болуды дәріптейді.

Шығармашылығындағы негізгі нысаны болып отырған «адам» арқылы, әсіресе оны қалыпстырудағы басты қасиеттер арқылы ақын өзінің дүниетанымын көрсеткендей болады. Адамның ішкі дүниесін анықтайтын жеті қасиет ақынның мұрасында сарапқа салынады:

*«Мейірім», «Ынсап», «Әділет»
«Шыдам», «Шыншыл», «Харекет»
«Түп қазығы», «Ақ ниет»*

Бұл жетеуін ел қылу. Шәкәрім Құдайбердіұлы бұл жеті қасиетпен адамның кемелдену шарттарын көрсеткісі келеді. Ел арқылы адамды немесе бір адам арқылы бүкіл елді меңзеген тәрізді бұл жеті қасиет кейде ақын шығармашылығында жеті ру: *«Байлаймын да көзіңді, Патша қылам өзіңді, Ұғып отыр сөзімді, Ел билетем жеті ру»* деп те қолданылады. Бұл дүниеде де Жаратушының ең керемет жаратылысы – адамның өмірге келгеннен кейін өзін ары қарай дамытып кемелдендіруде бұл жеті қасиеттен туындайтын басқа да қасиеттерді қозғайды:

*Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,
Анық төмен болмай ма хайуаннан.
Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,*

Өлген артық дүниені былғағаннан, – деген қазақтың ойшылы сабыры, сақтығы, ой мен талабы болмаған адамды хайуанға теңеп, тіпті одан да төмен дәрежеде көріп, ал ынсабы, рахымы, ар-ұяты болмаған адамды өлі адамға теңеп, тіпті оның бұл дүниеде пайдасынан зияны көп екенін айтқысы келгендей. Бұл өлең жолдарындағы сабыр жеті қасиеттегі шыдамның, ой, талап ынсап пен харекеттің, рахым мейірімнің, ар және ұят ақ ниеттің бір көрінісі секілді. Сол секілді:

*Ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық
Талапқа алты түрлі нөқта тақтық.
Алтауының ішінде ынсап әділ,*

Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық, – деген өлеңінде философ-ақын ынсап, рақым, ар, ұят, сабырлық пен сақтыққа тоқталып, талапты осы алты қасиеттің бастамасы ретінде түсіндіргісі келеді.

«Шын таза жан тазалықпен, Тәңірісіне бармай, ол, Мейірім, ынсап, әділетпен, Ағызам деп нұр бұлақ» деген өлең жолдарында Шәкәрім таза рухани өмір арқылы адамның Жаратушысымен қауыша алатынын, сондай-ақ мейірім, ынсап пен әділетпен өмір сүру керектігін жеткізгісі келеді. Тіпті *«Ынсап деген аспайды, кем қалмайды, Орнын таппай ол, сірә, қозғалмайды»* деген өлең жолдарында ол ынсаптың маңыздылығын көрсетеді. Шәкәрім:

*Ақындық борышың –
Халыққа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта, оны біл.
Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз, өнерсіз,*

Болады ақыл тұл, – деген өлең жолдарында келтірілген «адам бол» концепциясында адамдарды, өзі сияқты әріптестерін елге қызмет етуге, дұрыс жолды ұстануға, ар-ожданدى болуға, білім мен өнерді үйренуге шақырады. Жалпы алғанда, адамның «адам» ретінде қалыптасып дамуына терең мән беріп, ол қасиеттерді өлеңнің небәрі бірнеше жолында керемет суреттеу ақынның поэтикалық және философиялық шеберлігін тағы бір мәрте дәлелдей түседі. Мұхаммед Икбал да «Сұңқардың баласына айтқан ақылы» атты өлеңінде сұңқарды сипаттау арқылы адамның тектілігін ескере отырып, текті құстың бірқатар қасиеттерін келесі жыр жолдарында ашып көрсетеді:

*Сен сұңқардың баласысың, лайық бол, асқынба,
Арыстанның жүрегі бар қанатыңның астында.
Рахымды бол, бірбеткей бол, бол батыл,
Ержүрек бол, такаббар бол, не болсаң да қолда тұр...
Өзіңменен өзің біл, ешкімге де соқтықпа,
Күреске де дайын тұр, тіреу де бол жоқтықта...
Топ-топ болып жүретін даладағы қой ғана,
Сұңқар жалғыз жүреді, мұны еске ал ойлана.
Ата-баба дәстүрін еске ұстасаң, сол жайлы,
Ешқашан да сұңқарлар бұтаққа ұя салмайды.
Қону гүлді бақшаға сұңқар үшін масқара,
Сұңқарлардың мекені кең дала, құс тас қана.
Қас сұңқарлар ешқашан дәнді жерден термейді,
Оның жемі тым ірі, ұсаққа көңіл бөлмейді.
Жер шұқылап дән теру тауықтардың кәсібі,
Тар ұяда ұйықтайды бар құстардың жасығы...
Нағыз сұңқар мұзбалақ жолбарысты алады,
Көзін шұқып тұмсықпен, астына бүктеп салады.
Сұңқардың қызу қаны бар бойыңда сенің, қарағым,*

Періштедей ұшасың, қызыға саған қарадым [4, 22]. Бұл жерде *асқынбау, батыл, рахымды, бірбеткей, такаббар болу, өзіңменен өзің болу, ата-баба дәстүрін сақтау, ұсаққа көңіл аудармау, дәнді жерден термеу, бұтаққа ұя салмау, кең даланы паналау* сияқты сұңқарға тән қасиеттер арқылы адамзат баласын тәрбиелеудің үлкен мәні жатыр. М. Икбал «Сұңқар мен балық» өлеңінде де бұл құсты басты кейіпкер етіп, оның балықтан артықшылығын көрсетеді:

*Айқайлады: «Сұңқармын, маған жер, көк бәрібір,
Шалқар теңіз, кең дала, бәрінің де сәні нұр.
Суды тастап егер де, қарар болсаң гарыштан,
Көреген көзің болар ед, көретұғын алыстан»*[4, 71].
Ш. Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» поэмасында:
*Кебек батыр құс алып аңға кетті,
Қойтастан бір түлкі алды інге тығып,
Ойлады кетейін деп Ханға шығып,
Сонарда ізге түсіп келе жатса,
Бір түлкі және қапты жатқан бұғып.
Қамшылап күрең атты жамбасына
Түлкіден бұрын шықты Хан басына...
Бораннан байқай алмай өтіп кетті,*

Түлкіні жатса-дағы бүркіт қысып – деп, «...кұсың бүркіт, ағашың қара ағаш, ұраның салауат болсын» демекші қазақ ақыны да хәкім Абай секілді халқымыз үшін киелі саналатын бүркіт пен оның аң аулаудағы шеберлігін суреттеген. Еліміздің көк байрағында бейнеленген бұл құсқа тектілік, асқақтық, алғырлық, жылдамдық, батырлық пен еркіндік тән. Н. Ағалиева айтпақшы «Шәкәрім Құдайбердиев сөздің мәңгілік құдіретін, адамзат баласы қоғамындағы орнын терең ашып берген. Сөз деген суреткердің табиғи дарынының арқасында мәңгілік

құндылыққа айналады. Әрбір суреткердің қайталанбас сөзі оның даралық стилінің көрінісі. Әрине, Шәкәрімге даралық стиль бірден дарыған жоқ, оның алдында классикалық стильдің иесі хәкім Абай тұрды. Шәкәрім өзінің ұстазы қалыптастырған көркемдік-эстетикалық құндылықтарды ары қарай дамытып жалғастырды. Сабақтастық, үндестік, ары қарай дамытып жалғастыру көп өлеңдерінде байқалады... Шәкәрімнің даралық стилі оның философиялық лирикасында ерекше көрініс тапты» [6].

Шәкәрім шығармашылығындағы дін мен философия диалогының қалыптасуына ықпал еткен факторлардың бірі – оның кішкентай жасынан жетім қалып, Абайдың қолында болып, одан тәлім-тәрбиені үйренуінде. Хәкім Абайдың «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» дегені сияқты Шәкәрім де адам бойындағы жеті доспен қоса, екі дұшпанды айтады:

*Кейінгіге сәлем айт біз байғұстан,
Бұл сарайда көп екен бізге дұшпан.*

Қызықтырып, қыздырып алдайды екен,

Біреуі іштен болады, бірі тыстан [2, 73]. Адамның сыртқы дұшпаны – бұл дүние болса, ішкі дұшпаны – өзінің нәпсісі. Ішкі дұшпандарының ішінен бірқатар жағымсыз қасиетті жырлайды, әсіресе надандықты қатты сынға алады:

Жалмаудан жалықпаған елді талап,

Нашарды момынменен күнде сабап,

Өсектеп мені елге жамандайды,

Көрмейді арсыз қылығын өзі санап.

Жетім мен жесірдің алып малын,

Малын қойып талайдың ішіп қанын,

Жазықсыздан нақаққа жала жауып,

Аямай шырқыратар шыбын жанын [7, 150].

Ақын жоғарыдағы өлең жолдарында адамды бұл дүниеден бездіруді емес, әрқашан да о дүниені ойлауды, яғни бұл дүниеге қонақ болып келгенін айтқысы келеді. Ойшылдың Ар білімінде де нәпсімен күресу – өзінің негізгі идеясының басты ұғымдарына айналды. Тағы бір туындысында Шәкәрім Құдайбердіұлы:

Әлім келсе, қонбаймын үйге жетпей,

Тура апарсын құдайым тентіретпей.

Енді болды еліме қайтар кезім,

Жүруші едім сіздерді қиып кетпей.

Мен келгелі көп болды, бұ да жетер,

Жата берсе қонақтан қадір кетер...

Шыққан жерім, шын үйім ойға түсіп,

Мезгіл толып қалған соң қайтамын мен, – деп [2, 72-73] өзін бұл дүниенің қонағы санап, тыңдаушысына келген жері мен баратын жерінің бір екенін жеткізгісі келеді. Құранның Бақара сүресінің қазақ тіліне мағынасы аударылған «Шын мәнінде, біз Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз...» аятының [8, 156-аят] мәні де ақынның мұрасында орын алады. М. Икбал «Жұлдыз» өлеңінде:

Өмір, ажал шекарасы тым жақын зой, жұлдызым,

Маржандарың таң атқан соң шашылады, жұлдызым,

Сөйтіп жаның сөнеді де, ажалыңды күтерсің,

Ұшқын болып жарқырарсың, түнмен бірге бітерсің [4, 67], – деп Шәкәрім сияқты өмір мен өлімнің қаншалықты бір-біріне жақын екеніне назар аудартып, ал аудармашы Әубәкір Дастанұлы Нілібаев бұл екі ұғымның жақындығын *жан сөну, ажал күту, бітерсің* деген өлімді білдіретін бірліктермен жеткізеді. Жаратушының құлы болуды мақсат еткен Шәкәрім оқырманына «*Шын мұсылман болайын деп ойласаң, Құдайға құл болудың мәнісін біл*» дейді.

М. Икбалдың «Тау мен тиін» өлеңінде ақын Алланың жаратқан екі жаратылысының – тау мен тиін арасындағы диалог арқылы адамды тәкаппарлықтан, өзімшілдіктен сақтануды, кішіпейіл болуды дәріптеп, кез келген жаратылыс иесінің өзіне лайық міндетті орындайтынын, адамзатпен тең екенін айтқысы келеді:

*Тау айтты тиінге: – бәлсіндің сен неге,
Ақылсыз, ұятсыз кер неме?
Сен титтей тиінсің, білдің бе,
Бәлденер түгің жоқ бұл күнде...
Ойлап көр қарағым, кішкентай тиінсің,
Менімен теңесу өзіңе қиын сын.
«Тіліңді тартсаңшы, – деп тиін байсалды,
Үлкен тау, алыпқа ой салды.
Үлкенсің, алыпсың, несіне бұлдайсың,
Бәрібір тіп-титтей тиін боп тұрмайсың.
Жаратқан құдай ғой үлкен ғып, кіші ғып,
Мақтандың соны еске түсіріп.
Бойыңды сораптып сені күнге күй депті,
Ал маған бұтақтан бұтаққа ырғуды үйретті.
Алыпсың, мәңгілік қозғалмай тұр едің,
Мен болсам тынымсыз ұшам да жүремін.
Алып тау болсаң да емессің жан-жақты,
Мен құсап сен шаға алмайсың жаңғақты.
Табиғат-анаға кіші, үлкен бәрібір,*

Кіші, үлкен бәріне тең қара, таны, біл! [4, 44]. Ал «Хайуан мен ақымақтар» деген өлеңінде Ш. Құдайбердіұлының М. Икбалмен бұл тақырыпта бір ұқсастықты аңғаруға болады:

*Бір Құдай неше түрлі жан жаратты,
Не үлкен, не кішкентай тән жаратты.
Керексіз, жансыз нәрсе жаратқан жоқ,
Есепсіз қанша мың сан жаратты...
Несін сүй, несін сүйме, ерік өзіңде,
Нәпсің де, ақылың да тұр көзіңде.
Сынау үшін жаратқан бір Иең бар,
Тексерілмей қалмайсың бір кезіңде.*

Бұл өлең кейбір деректерде «Табиғат неше түрлі жан жаратты» деп те басталады. Сол секілді Шәкәрімнің «*Мейлі жәндік, мейлі шөп, Тіршіліктің бәрі бір...*» деген өлең жолдарындағы негізгі түйін де Икбалдағы тау мен тиінді салыстыру арқылы көрсеткісі келген негізгі тұжырымға, яғни бүкіл жаратылыстың белгілі бір міндетті немесе міндеттерді атқару үшін жаралғанын, олардың Жаратушы үшін бірдей екеніне сәйкес келеді. Тәлімгері хәкім Абай «*Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті*» деп айтқандай, Шәкәрім де бүкіл жаратылыс бір Жаратушыға тән, сынау үшін жаратқан Ие бар екенін айтады. Шәкәрімтанушы Б. Әбдіғазидің айтпақшы «Шәкәрім ақынның бүкіл шығармашылық табиғатын ұлы Абайдан алшақ қарауға әсте болмайды. Қазақ өлеңінің екі алыбы арасындағы поэтикалық сабақтастық аса терең» [9]. Сондықтан біз де бұл зерттеуімізде екі ақынды кейбір тұстары жағынан параллельді қарастырамыз. Сондай-ақ Икбал секілді мейлі тауды жаратсын, мейлі тиінді жаратсын, яғни үлкен немесе кіші затты жаратуда белгілі бір мақсат көзделіп, сол жаратылыс нысанына бір міндет тапсырылғаны айғақ. Шәкәрім де «*Қарасаң, көрінбей ме таста қына, Оны кім сүйтіп қойды, ойла да ұна. Шөп құраса, тамыры құрамайды, Сондайлармен дүниенің бәрін сына*», – деген өлең жолдарында тіпті тастың үстіндегі қынаның да жаратушы иесі мен себебін ой елегінен өткізуге кеңес береді. Тағы бір туындысында Ш. Құдайбердіұлы «*Өлсе өсімдік, тіріледі, Күн жылынып, тамса су... Адам еді оны кескен, Тағы өсетін жаны бар*» [3, 175] деп, жоғарыда айтып өткендей шөп құрағанымен, тамыры аман қалғандықтан оның тағы да шығатынын айтқысы келеді. Жалпы, Шәкәрім философиясында жанның орны зор, алайда тән өткінші нәрсе ретінде, тіпті адамның Жаратушыға деген махаббаты мен құштарлығын азайтатын, тіпті ұмыттырып жіберетін зат түрінде қарастырылады. Адамдардың арасындағы

әділеттілікті жырлағанда олардың бәрінің де көркем бейнеде Алла тарапынан жаралғанын айтқысы келеді, алайда бұл дүниедегі заттай немесе материалдық нәрселерге ынтызарлығы мен құштарлығының оянып дамуына байланысты адамдардың арасында әділеттіліктің жоғалатынын меңзейді. Сол материалдық ынтызарлық артқан сайын адамның жаны немесе рухы төмендейді. Материалдық емес, керісінше рухани өмірге деген құштарлық, соның ішінде адаммен қарым-қатынас жасау кезінде танылатын адамгершілік, махаббат, құрмет, әділдік, мейірімділік және т.с.с. керісінше рухты көтереді.

ҚОРЫТЫНДЫ

М. Икбал мен Ш. Құдайбердіұлының поэзиясы – олардың ішкі дүниесінің көрінісі, мәні мен мазмұны, себебі олардың әрқайсысы қоршаған ортасында болып жатқан үрдіс пен құбылыстарды сол ішкі дүниелерімен қабылдап, туындылары арқылы сыртқы дүниеге шығарып, оқырманымен бөліседі. Шәкәрім мен оның мұрасын терең зерттеген Б. Әбдіғазы «... қандай ақын болсын өз заманының перзенті. Ақын өлеңінде ол өмір сүрген тарихи кезеңнің сыр-сипаты, ақыл-ойы мен болмыс-бітімі тұжырым табады» дейді [9].

Сонымен, Икбал мен Шәкәрім философиясының негізгі нысаны – адам. Икбал философиясына сәйкес, жер бетіндегі барлық тірі ағзаның қайталанбайтын индивидуалды қасиеттері болады. Индивидуалдық дегеніміз – жердегі бүкіл тірі ағза өтетін кезең. Жаратушының бір жаратылысының келіп, екіншісінің кетуі секілді түн біткенде, күннің келуі, бір өлімнің артынан өмір келуі сияқты табиғи үрдістерді М. Икбал өзінің «Жұлдыз» өлеңінде келесідей сипаттайды:

Жұлдызы сөнген уақытта жарқырап күн шығады,

Бүршік жарса гүл шығар, мұны кімдер ұғады...

Өмір – өлім өзені алмаса ағып тынбастан,

Бір арнадан табылар, – деп, бір шумақ өлеңмен оқырманына өз ойын жеткізеді.

Үнді-пәкістандық ойшыл адамның жаратылысын мәнді де мағыналы, ұзын бір үрдіс ретінде сипаттайды:

«Адамның дүниеге келуі» өлеңінде:

Махаббат бір күн жар салды: Ғашық келді жарыққа,

Сұлулық сонда сүйсінді, қадірімді білер келді деп.

Табиғат та тебіренді, титтей ғана топырақтан,

Талай-талай сұраққа жауап берер келді деп,

Аспаннан келді бір хабар жер бетіне жария етіп,

Сақтаныңдар, құпияны ашатын жан келді деп.

Өңірінде өмірдің жатқан ниет оянды,

Көкірегіне көктемнің тағатын гүл келді деп.

Өмір сонда тіл қатты: жатыр ем өлі ежелден,

Жан бітер бойыма өшпейтін нұр келді деп.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қонарбаева А.Қ. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығындағы рухани-діни және қоғамдық-философиялық лексиканың қолданысы. – Өскемен, Медиа-Альянс, 2005. – 192 б.
- 2 Құдайбердиев Ш. Шығармалары / Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы, 1988. – 194 б.
- 3 Шәкәрім: өлеңдер, поэмалар. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 224 б.
- 4 Мұхаммад Икбал. Таң самалы. Ауд. Ә.Дастанұлы. Алматы, «Санат» 1998, 175 б.
- 5 Қабден Н. Шәкәрім өлеңдеріндегі адам болмысы мәселелері // Вестник университета Қайнар. №2/2. 2009. 109-112, 109.
- 6 Ағалиева Н.Б. Шәкәрім лирикасындағы философиялық сарындар // Вестник КазНУ. Серия филологическая. №2 (118). 2009, с. 90-93, 90.

- 7 Құдайбердиев Ш. Шошыма, ойым, шошыма / Өлеңдер жинағы. – Алматы: Жазушы, 2012. 150 б.
- 8 Құран Бақара сүресі, 156-аят.
- 9 Ағалиева Н.Б. Шәкәрім лирикасының тақырыптық аясы // Вестник КазНУ. Серия филологическая. №7 (115). 2008. С. 252-254, 252.

Материал 20.04.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Konarbayeva, A.K. (2005) *Application of spiritual, religious and socio-philosophical vocabulary in the work of Shakarim Kudaiberdiuly*. Ust-Kamenogorsk: Media Alliance. (In Kazakh).
- 2 Kudaiberdiyev, Sh. (1988) *Works: Poems, sagas, words of edification*. Almaty: [s.n.]. (In Kazakh).
- 3 Kudaiberdiyev, Sh. (2019) *Shakarim: verses, poems*. Nur-Sultan: Folio. (In Kazakh).
4. Muhammad Iqbal. (1998) *The morning breeze. Translation. "I Don't Know," He Said*. Almaty: Sanat.
- 5 Kabden, N. (2009) Problems of human existence in the poems of Shakarim. *Vestnik of KazNU University*, 2/2, pp. 109–112. (In Kazakh).
- 6 Agaliev, N.B. (2009) Philosophical motifs in the lyrics of Shakarim. *Vestnik of KazNU. Philological Series*, 2 (118), pp. 90–93. (In Kazakh).
7. Kudaiberdiyev, Sh. (2012) I'm afraid, I'm afraid, I'm afraid. In: *Collection of poems*. Almaty: Zhazushy. (In Kazakh).
8. *Al-Baqara of the Qur'an*. Verse 156. (In Kazakh).
9. Agaliev, N.B. (2008) Thematic background of Shakarim's lyrics. *Vestnik of KazNU. Philological Series*, 7 (115), pp. 252–254. (In Kazakh).

Языковые аспекты религиозного дискурса в наследии Шакарима и Икбала

А.А.Мустафаева¹, М.С. Кулахметова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан

²НАО «Павлодарский педагогический университет», г. Павлодар. 140002, Республика Казахстан

В данной статье представлен результат кропотливого исследования и анализа лингвистического аспекта религиозного дискурса в литературно-философском наследии известных личностей своего времени казахского поэта, писателя, философа Шакарима Кудайбердиева и пакистанского поэта, политика, общественного деятеля Мухаммада Икбала. Исследования показали неизладимый вклад обоих представителей в развитие национальной языковой парадигмы, как и их включения в интеграционные процессы мирового масштаба посредством глубокого осмысления и языкового развития религиозного дискурса. Учитывая особенности времени и состояния двух обществ того периода, следует отметить некоторое единение национальной картины мира относительно религиозной парадигмы, которая, в свою очередь, имплицитно воздействовала не только на все сферы социального состояния двух обществ, но также, оказало положительное влияние на формирование языковых реалий. В этом смысле, творческое наследие двух ярких представителей восточной философии послужило становлением не только зарождающейся национальной философии и концептуальной картины мира народов, представителями которых были Шакарим Кудайбердиев и Мухаммад Икбал, но формированию особенностей национального языка и его религиозного дискурса. Не случайно, деятельность и труды данных личностей послужила как формированию и становлению новой государственности, так и внесла вклад в обогащение национального языка, научно-политического и религиозного лексического запаса, развитие этнолингвистики. Поэтическое творчество обоих деятелей

символизируют независимое национальное развитие и вклад в мировое наследие межязыковых, межэтнических и межрелигиозных отношений.

Ключевые слова: религиозный дискурс, лингвистический аспект, философия языка, индивидуальный стиль, дискурс, языковое наследие, вечные ценности.

Материал поступил в редакцию журнала 20.04.2022

Linguistic aspects of religious discourse in the heritage of Shakarim and Iqbal

A.A. Mustafayeva¹, M.S. Kulakhmetova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

²Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, 140002, Republic of Kazakhstan

This article presents the result of painstaking research and analysis of the linguistic aspect of religious discourse in the literary and philosophical heritage of famous persons of the time: the Kazakh poet, writer, philosopher Shakarim Kudaiberdiyev and the Pakistani poet, politician, public figure Muhammad Iqbal. The research has shown the unforgettable contribution of both representatives to the development of the national language paradigm, as well as their inclusion in integration processes on a global scale through deep understanding and linguistic development of religious discourse. Taking into account the peculiarities of the time and the state of the two societies of that period, there exists some unity of the worldview regarding the religious paradigm, which in turn implicitly affected not only all spheres of the social state of the two societies, but also had a positive impact on the formation of linguistic realities. In this sense, the creative heritage of the two outstanding persons of Eastern philosophy served as the formation not only of the shaped national philosophy and the conceptual picture of the world of the peoples, whose representatives were Shakarim Kudaiberdiyev and Muhammad Iqbal, but also of the peculiarities of the national language and its religious discourse. It is no coincidence that the activities and works of these persons served both the formation and establishment of a new statehood, and contributed to the enrichment of the national language, scientific, political and religious vocabulary, the development of ethnolinguistics. The poetic creativity of both figures symbolizes the independent national development and contribution to the world heritage of interlanguage, interethnic and interreligious relations.

Key words: religious discourse, linguistic aspect, philosophy of language, individual style, discourse, linguistic heritage, eternal values.

Received: 20.04.2022

МРНТИ 16.16.01

М.В. Пименова¹, А.Б. Бодриков¹

Международный гуманитарный университет им. П.П. Семёнова-Тян-Шанского, 199226, г. Санкт-Петербург, Россия

КОГНИТИВНАЯ МОДЕЛЬ «ТЕАТР ВОЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ» ПЕРИОДА XIX В. «THE THEATER OF WAR» COGNITIVE MODEL

Цель статьи – описать тенденции развития когнитивной модели «театр военных действий» в русской лингвокультуре в период ее зарождения – XIX в. Актуальность проведенного исследования заключается в описании стереотипов русской лингвокультуры, связанных с когнитивной моделью «театр военных действий», в аспекте осмысления эволюции когнитивной модели от XIX вв. Научная новизна исследования состоит в первом